

ЖАҢА СТАДИОН УЕФА ТАЛАПТАРЫНА САЙ



Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті

№38
(1793)
18 қыркүйек
2025 жыл
Бейсенбі

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларымен бірге Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Давид Лориямен және кәсіби клубтар арасында жарыстар өткізу дирекциясының басшысы Бақытжан Пазылхайырмен кездесті.

Аймақ басшысы спорт саласындағы жетістіктерге тоқталып, Қазақстан кубогы финалының жұмысына сәттілік тіледі.

– «Қасиетті Сыр еліне қош келдіңіздер! Қызылордалық «Қайсар» футбол клубы елімізде алғашқы болып жаңа маусымды легионерсіз, отандық футболшылармен бастады. Бұл бастама шетелдік ойыншылардың көлеңкесінде қалған жергілікті футболшыларымызға мүмкіндік беріп, олардың жасыл алаңдағы кәсіби шеберлігін шыңдауға жол ашты.

Облысымызда спорт саласында ауқымды жобалар іске асырылып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соңғы үш жылда Сыр спортына қаржыландырудың барлық көзінен 64 млрд. 200 млн. теңге бөлінді. Быыл дене шынықтыру мен спортты дамытуға облыстық бюджеттен 38 млрд. 213 млн. теңге қаражат қаралды.

Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион бой көтерді. Спорт нысаны УЕФА талаптарына сай, материалдық-техникалық базасы соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған.


Президентіміз Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында Туризм және спорт министрлігіне Футбол федерациясымен, өңір әкімдерімен бірлесіп және бизнесті тартып, клубтық футболды коммерцияландыру туралы тапсырма берген болатын. Қазіргі таңда бұл бағытта тиісті жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақытта спортты қолдаудағы игі бастамалар, ауқымды жобалар жалғасын табады», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда Давид Лория көрсетілген қонақжайлыққа алғысын жеткізіп, бірлесіп атқаратын жұмыстарға қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Жаңа стадионда олимпиадалық спорт түрлеріне арналған бокс, гимнастика, күрес, таеквондо, ауыр атлетика залдары бар. Нысан қазан айында ел игілігіне табысталады.

Бұдан бөлек 20 млрд. 500 млн. теңгеге «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені салынууда. Кешенде олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары, жүзу бассейні, халықаралық жарыстарды өткізуге арналған 2500 орындық зал қарастырылған.

Қазанның 4-і күні футболдан Қазақстан кубогының финалы Қызылорда қаласындағы жаңадан салынған орталық стадионда өтеді деп жоспарлануда.



Бақберген ДОСМАНБЕТОВ
СҮЙЕМ СЕНІ, СЫР ЕЛІ

"АСЫЛ АДАМ АЙНЫМАС"

НЕМЕСЕ ЖІГІТТІҢ СҰЛТАНЫ

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...

Бұл өлкеде темір жолдың қос қапталынан бақылап, сахара сар даланың кіндік тұсы – Сарыөзектің ұланғайыр жазығы көсіліп жатады.

Бұл өлкеде қашықтық атаулы, уақыттың Гринвич меридианы бойынша өлшенгендей, темір жолдың алыс-жақын шақырымдарына қарай өлшенеді.

Ал пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...».

Бұл – адамзаттың айтулы жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романының басталар беттерінен үзінді. Өлемдік деңгейдегі әйдік қаламгердің әспетті туындысына өзек болған сол өлкеде әлгінде айтылған шойын жолмен өткен ғасырдың басында жарыса пайда болған «Диірментөбе» деп аталатын шағын ғана бекет бар. Бірақ аумағы қанша шағын болғанымен, оның жері мейлінше киелі. Киелі болатыны, ол күллі түркі әлемінің таудай тұлғасы саналатын Қорқыт атаның мәңгілікке дамыл тауып жатқан қорымына табанын төсеп тұрған алақандай айбарлы ауыл еді. Кешегі қылышынан қан тамған кеңес дәуірінің өзінде бұл майндың жұрты байырғы баба әруағын қастерлей жүруден жаңылмапты.

3-бетте

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

БАЛАБАҚШАЛАРДЫҢ ТАСЫМАЛЫНДАҒЫ ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАР – ПОЛИЦИЯ ТАРАПЫНАН БАҚЫЛАУДЫҢ ЖОҚТЫҒЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыс әкімдігінде балалардың жол қауіпсіздігі бойынша шұғыл жиналыс өтті. Оған құқық қорғау органдарының, облыстық басқармалар мен департамент басшылары, қала және аудан әкімдері қатысты.

Аймақ басшысы жеке балабақшаның тасымал көлігінің жол-көлік оқиғасына ұшырауы жауапты сала басшыларының жұмысты дұрыс үйлестірмеуінен болғанын қатаң сынға алып, тиісті шара қабылдауды тапсырды.

– Бұған дейін жеке және мемлекеттік балабақшалардағы, мектептердегі тасымал мәселесі, балалардың жол қауіпсіздігі бойынша қала және аудан әкімдеріне, полиция департаментіне, білім басқармасына бірнеше рет тапсырмалар берген болатынмын.

Дегенмен, жұмыс әлі күнге дейін өз деңгейінде дұрыс ұйымдастырылмады. Жеке балабақшалардың тасымал

көліктерінде орын алып жатқан заңбұзушылықтар полиция органдары тарапынан бақылаудың жоқтығын көрсетеді.

Қызылорда қаласы мен барлық ауданда ашылған Жедел басқару орталықтарының, әсіресе патрульдік полицияның жұмысын күшейту қажет. Балалардың қауіпсіздігіне қатысты жағдайды қатаң бақылауда ұстаңыздар!

Өңіріміздегі барлық білім беру ұйымындағы тасымал мәселесін шұғыл түрде жан-жақты тексеріп, талаптарға сай келмейтіндерді анықтап, тиісті шаралар қабылданыңдар.

Жол қауіпсіздігін, оның ішінде білім беру ұйымдары аумағындағы қауіпсіздікті қатаң бақылауға алып, тұрақты түрде рейд ұйымдастырыңыздар – деді Н. Нәлібаев.

Жиналыста облыстық полиция департаментінің бастығы Серік Ергешов баяндама жасады.

ІІМ бекіткен бұйрыққа сәйкес,

балалар тасымалымен айналасатын көліктер екі есікті, ұстау құрылғысы және «Балалар тасымалы» деген жазуы бар, сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталған болуы тиіс.

Осы бұйрықтың орындалуын тексеру барысында 29 заңды тұлғаға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 474-бабымен әкімшілік хаттама рәсімделіп, 75 көлік айып алаңына қойылса, 58 көліктің мемлекеттік белгісі тәркіленді.

Жыл басынан тасымалдау ережесін бұзған жүргізушілерге қатысты 800-ге жуық әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, тиісті шаралар қабылданды. Рейд жыл аяғына дейін жалғасады.

Сондай-ақ, жиналыста білім, мәдениет, спорт басқармаларына, Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне балалардың қауіпсіздігін тек білім беру ұйымдарында ғана емес, спорттық, мәдени-көпшілік шараларға қатысқан кезде де қатаң бақылауға алу міндеттелді.

«СЫР ЖАСТАРЫ» – ЖАСТАР БАСПАНАСЫ

Қызылордада «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына құжат қабылдау басталды. Бағдарламаға қатысушылар өтініш пен құжаттарын электронды түрде **kezekte.kz** сайтына тіркеп, «Жұмыс істейтін жастарға арналған «SyrJastary» жеңілдетілген ипотекалық несие беру» сервисінде жүзеге асыра алады. Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов:



– Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен Қызылорда облысының жастары үшін жеңілдетілген ипотекалық несие беруге бағытталған «Сыр жастары» бағдарламасы қабылданған болатын. Бағдарламаның жалпы құны 1 млрд. 700 миллион теңге, оның 1 млрд. 200 млн. теңгесі облыстық бюджеттен бюджеттік несие ретінде бөлінсе, 500 млн. теңге «Отбасы банк» арқылы қарастырылып отыр. Былтыр бұл бағдарлама аясында 100 жас баспаналы болды. Бағдарламаға ұсыным беру 15 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады, науқан 24 қыркүйек күні аяқталады. Одан кейін, жиналған балл әр санат бойынша ең көп балл жинаған қатысушылар іріктеледі, оларға электронды жолдама беріледі. Жолдаманы алған жастар «Отбасы банкісінде» төлем қабілеттілігін растайды, содан кейін келісім-шарт рәсімделіп, үй табыстатын болады. Бағдарлама аясында табысталатын үйлер қаламыздың Сол жағалауында орналасқан, жалпы көлемі 49 және 66 шаршы метрден кем емес, 2-3 бөлмелі пәтерлер болады деп күтілуде.

Бағдарлама бойынша сұрақтар болса басқарманың азаматтық қоғам институттарымен жұмыс және жастар бөліміне 60-53-23 номері бойынша хабарласуға болады. Сонымен бірге облыс, қала, аудандық жастар ресурстық орталықтарында да «Сыр жастары» бағдарламасы бойынша кеңес беріліп, құжат ұсынуға көмек беріледі. Жастардың құжат ұсынуға компьютері, интернеті болмаса, жастар орталықтарына барып, көмек алуға болады.

ҚОНЫСТАРЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

280 ОТБАСЫНЫҢ ҚУАНЫШЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен сол жағалаудан бой көтерген, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған 280 пәтерлік 7 тұрғын үйді иелеріне табыстау рәсімі өтті. Салтанатты шараға жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін құттықтады.

– Биыл ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанына, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына 100 жыл болған мерекесі кең көлемде атап өтілуде.

Мемлекет басшысының қолдауымен мерейлі жыл аясында аймағымызда сәулеті келіскен, әсем де заманауи ғимараттар бой көтеріп, саябақтар мен аллеялар қайта жаңғыртылып, жолдарымыз кеңейіп келеді.

Бүгін жерлестеріміздің баспаналы болу қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстау рәсіміне жиналдық.

Аймағымызда халқымыздың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда.

Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына, жалғыз баспанасы апаты деп танылған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер (5148) сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс тойын тойлады.

Аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ге жуық пәтер табысталды.

Аймағымыздың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жаңаша серпін беретін құрылыс индустриясын дамытуда құрылысшыларымыздың үлесі орасан зор. Баспаналы болу әрбір отбасыны жақсылыққа жетелейді. Қоныстарыңыз құтты болсын! – деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты рәсімде пәтер иелеріне қуаныш сыйлап, тұрғын үйлердің құрылысын сапалы жүргізген мердігер мекеме «Мелиоратор» ЖШС-нің құрылысшыларына облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы Ибрагим Әбибуллаев бата берді.

Биыл тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 3 800 дайын пәтерді сатып алуға бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Қаржыландырудың барлық көзінен 870 мың шаршы метр тұрғын үй беріледі. Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бастап қаламызда заманауи жана дизайнмен 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» ӨТЕДІ

«БЖЗҚ»АҚ-да (БЖЗҚ)Ашық есік күні»: ҚР Салық кодексіндегі біржолғы зейнетақы төлемдеріне салынатын салыққа қатысты өзгерістер туралы айтамыз, БЖЗҚ-ның цифрлық қызметтерімен таныстырамыз.

Халық арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 2025 жылғы 24 қыркүйекте «БЖЗҚ» АҚ «ҚР Салық кодексіндегі біржолғы зейнетақы төлемдеріне салынатын салыққа қатысты өзгерістер. Цифрлық БЖЗҚ – салымшыларға ыңғайлы болу үшін» тақырыбында «Ашық есік күнін» өткізеді.

2025 жылғы 18 шілдеде мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне қол қойды. Онда БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері, тұрғын үйге/емделуге біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) түріндегі кірістерді 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке табыс салығынан (ЖТС) босату көзделген.

Алайда, бұл өзгерістің Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаларға БЖЗҚ-дан берілетін төлемдерге еш қатысы жоқ. Сондай-ақ, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап өз пайдасына аударылған ерікті зейнетақы жарналары бойынша төлем көзінен салық салынуға жататын табыстан Салық кодексінде белгіленген шектерде қолданылатын салықтық шегерімдер де жойылады.

Бұл ретте жұмыс берушінің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмысшының пайдасына аударған ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның табысы болып саналмайды (тиісінше, жеке табыс салығы салынбайды), ал жұмыс беруші үшін бұл шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерімге жатқызылады. Яғни бұл жағдайда салықтық жеңілдікті

жұмысшы да, жұмыс беруші де пайдалана алады.

Ашық есік күнін өткізу кезінде БЖЗҚ салымшыларына 2026 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енетін ҚР жаңа Салық кодексінің зейнетақы төлемдеріне қатысты негізгі ережелері туралы толығырақ ақпарат алуға, сондай-ақ БЖЗҚ-ның цифрлық форматта көрсетілетін қызметтерімен танысуға мүмкіндік беріледі.

Бұған қоса, қатысушылар Қазақстан-ның жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы барлық мәселелер бойынша білікті кеңес ала алады.

Кездесу онлайн-форматта өтетін болғандықтан,оған барлық ниет білдірушілердің қатысуына мүмкіндік беріледі. Іс-шарасалымшыларға да, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысты материалдар жариялауға тартылған журналистерге де пайдалы болады деп үміттенеміз.

Іс-шараға қатысу үшін тіркелу қажет. Сілтеме бойынша өтуіңізді сұраймыз: <https://enpf.webex.com/webink/register/r99587e18df707fbee392b257394caf6c> Event-мәжіліс нөмірі: (2511 514 1742) Event-мәжіліс паролі: (Qaz123)

19,04 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫН ПАЙДАЛАНДЫ

2024 жылдың 1 ақпанынан бастап(2025 жылғы 1 қыркүйектегі деректер бойынша) **19,04 млн.** АҚШ долларына **139 774** өтініш орындалды (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде **тұрғын үй жағдайларын жақсарту** мақсатында **12,25 млн.** АҚШ долларына **87 841** өтініш, **білім алу ақысын төлеу** үшін **6,79 млн.** АҚШ долларына **51 933** өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, ақшаның пайдаланылмаған қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қала береді.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (11,98 млн. АҚШ долларына 85 735 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 92,13 мың АҚШ долларына 700 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп

айырысу) – 62,27 мың АҚШ долларына 514 өтініш.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (6,08 млн. АҚШ долларына 45 901 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (499,07 мың АҚШ долларына 4 309 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (174,03 мың АҚШ долларына 1 411 өтініш орындалды).

Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор - балаларға»

бағдарламасына сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған, Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында бөлінеді.2023 жылы барлық НЖ алушыларына **100,52 АҚШ доллары**, 2024 жылы – **129,38 АҚШ доллары** есептелгенін хабарлаймыз. 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға ағымдағы жылы **3,04 АҚШ долларымөлшерінде инвестициялық кіріс** есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағы **100,52 АҚШ долларына** тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да **232,94 АҚШ доллары** жинақталды.

Көмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.

МАРИХУАНАҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ?..

Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында брифинг берген облыстық полиция департаментінің есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Біржан Багисовтың мәліметіне орай есірткі қылмысына қарсы іс–қимыл басқармасының жедел шаралары нәтижесінде жыл басынан бері 210 құқық бұзушылық анықтады. Оның 65-і есірткі өсіру, 21-і есірткі өткізу, 4-уі есірткіні жарнамалау, 1-і есірткіні аса ірі мөлшерде сақтау, 1-і есірткіні тұтынуға көндіру қылмыстары және118 теріс қылық екені анықталған.

Заңсыз айналымнан 1 тонна 315 килограмм есірткі заттары, оның ішінде 187 килограмм марихуана, 437 грамм гашиш, 1 тонна 115 килограмм сора өсімдігі, 9 килограмм көкнәр өсімдігі, 2 килограмм 304 грамм синтетикалық есірткі заты тәркіленген.

Үй жағдайында сора өсімдігін өсірген 5 фито-зертхана анықталған.

Ағымдағы жылдың маусым айында «меф» және «a-PVP» синтетикалық есірткі затын аса ірі мөлшерде тасымалдаған Қызылорда және Маңғыстау облыстарының тұрғындары құрықталды.

Анықтама бойынша:

Осы жылдың маусым айының 10-да Қызылорда қаласындағы жалдамалы пәтерлердің бірінде 1996 жылы туған Нұрмағанбет Рамазан Дінмұхаммедұлынан жалпы салмағы 805 грамм «меф» және «a-PVP» синтетикалық есірткі заты тәркіленіп, Қызылорда ҚЛБ-ның УҰИ-на қамаққа алынды.

Сондай-ақ шілденің 14-інде жедел мәліметтерге сәйкес Қызылорда облысының Сырдария ауданы қарасты Науғи Ілиясов ауылының тұсында «Батыс-Қытай – Батыс-Еуропа» тас жолында Қызылорда қаласынан Ақтөбе қаласына қарай бағытталған 765 АНХ11 нөмірлі «Тойота Сиена» маркалы автокөлікті тоқтатып, тексергенде жолғаушысы, Маңғыстау облысының тұрғыны 2000 жылы туған Абилдаев Думан Ералыұлынан жалпы салмағы 1 килограмм 496 грамм «меф» синтетикалық есірткі заты тәркіленіп, Сырдария АЛБ-нің УҰА-на қамаққа алынды.

Басқарма басшысының айтуынша аймақта есірткінің басқа түрлеріне қарағанда «марихуана» сұранысы жоғары. Сондай-ақ, синтетикалық есірткінің заңсыз айналымға енуі «героинді» айналымнан ығыстырған.

Мәселен, соңғы 10 жыл ішінде облыс аумағында героиндік мас болу дерегі анықталмаған, бұл облыс орталығының наркодиспансері мен ЖИТС орталығының мәліметтерімен расталған.

Есірткінің, оның ішінде синтетикалық түрінің байланыссыз тәсілмен, интернет және әлеуметтік желілер арқылы таралуы, ұйымдасқан-қылмыстық топтарды анықтауға кері әсерін тигізуде.

Есірткі тұтыну үшін притон ұйымдастыру деректерін анықтау мақсатында жедел есепке алу ісі төңірегінде іс-шаралар кешені жүргізілуде.

Есірткі қылмысымен айналысатын ұйымдасқан қылмыстық топ іс-әрекеттерін анықтау, қылмыстық жолмен алынған қаражаттарды заңдастыру бағытында қазіргі уақытта Басқармамен қылмыстық топтарға қатысты әзірлеме жұмыстары жүргізілуде екен.

Облыс орталығында полицияның кешенді күштерімен күнделікті нарядтарда көп қабатты үй аулалары, гараждар мен құрылыс аумақтары арасында тексеру жұмыстары үнемі жүргізіліп, жедел басқару орталығының бейнекамералары арқылы шолу жұмыстары жүргізілуде.

Жүргізілген жедел профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде есірткі жарнамалайтын «граффити» суреттер азайған.

«Кибернадзор» ақпараттық жүйесіне синтетикалық есірткіні жарнамалайтын 1050 сайт бұғатталған.

Бүгінде есірткі қылмыстары бойынша А.Гайдаров, В.Султанов, А.Нурбаев, Г.Еспенбетов іздеуде.

Профилактикалық іс-шаралар өткізуге жергілікті бюджеттен 17 млн. теңге бөлінген. Бөлінген қаражатқа тұрғындардың нашакорлыққа қарсы имунитетін қалыптастыру мақсатында 819 іс-шара өткізіліпті. Оның 490-ы лекция, 45-і кездесу, 114-і сайыстар, 67-сі ақциялар, 53-і спорттық, әрі өзге де іс-шаралар.

«Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

№ р/с	Басшының аты-жөні	лауазымы	Қабылдайтын күндері	Уақыты
	Ахметов Орман Айтмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	Сағ. 15-00-деп 17-00-ге дейін

С Е Н І М Т Е Л Е Ф О Н Ы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Әдеп Кодексінің (Қағидаларының)талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті М. Көкенов көшесі №44 - мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде **22-3-24 сенім телефоны** жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2025 жылдың 5 қыркүйегіндегі № 48 - Ө бұйрығына қосымша. Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті басшысының 2025 жылдың IV тоқсанына арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау К Е С Т Е С І

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының аты, жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Құдайбергенов Ринат Мәжитұлы	департамент басшысы	сейсенбі, бейсенбі 16-00 ден 17-00-ге дейін	Байқоңыр қаласы, Совет Армия көшесі, 11 үй	8 /336 22/ 7-64-11

С Е Н І М Т Е Л Е Ф О Н Ы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидалары) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы Министрілігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде **8(33622)7-63-22** нөмірлі **«Сенім телефоны»** күнделікті жұмыс уақытында (9-00 ден 18-30 дейін, үзіліс 13-00 ден 14-30 дейін) жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

2025 жылғы –IV тоқсандағы Аламесек ауылдық округі өкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Есет батыр ауылы	Тажимаев Даулеткерей Уразбекович	Аламесек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, жұма 10.00 ден 12.00-ге дейін	Есет батыр ауылы, К.Әбішев көшесі №26 үйі	8(724-31)34-3-03

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Тапсырыс	



Қызылорда облысындағы Қармақшы ауданының орталығы – Жосалы кенті мен Байқоңыр қаласының тура орта тұсына орналасқан, сол замандарда да, қазіргі күндері де шағын қалпында қалып қойған сол елді мекенде бұдан сексен жыл уақыт бұрын, тіпті айтылған шығармадағы оқиғалардың өріс алар шағынан да ертеректе, біздің бүгінгі кейіпкеріміз шыр етіп дүниеге келген. «Тандыры кепкен өзектер мен тақыр жыралардан қу құлқынға талғау табу үшін зор шыдамды керек» ететін сол елкеде оның балдай тәтті балалық шағы өткен.

Өлбетте, «жерге жел ықтырған ащы кермек түтінін будақтатып, дүр сілкіндіріп, иә шығысқа, иә батысқа қарай пойыздары зулап жататын» сол атырапта өткен балалық шақ, бәлкім, тым балдай тәтті бола да қоймаған шығар, бірақ өзін әбектеп өсірген өсиеті мол әке мен қасиеті көп ананың, жанындай жақсы көретін іні-қарындастарының ортасында жаздай жайрандап жетілген кейіпкеріміз үшін шынында осыдан артық шаттықты шаңырақ, осыдан артық тәтті шақ жоқ та шығар. Сондығынан да болар, «пойыздар етіп кетіп, келесі пойыз жеткенше құлаққа ұрған танадай тына қалатын» сол даңғайыр даланың қапталдан желі, төбеден күні ұрып тұратын тандырдай тайпақ төсінде келешек белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым және айтулы азамат болып құралып қалыптасатын бір арманшыл бала өсіп келе жатты. Сол арманшылдығына сай өзі де зерек еді, алғыр еді, пысық еді. Еті тірілігінің арқасында аудан орталығына барып оқығанда да, үйін аңсап үрліккен жоқ, қатарынан қашып дүрлікпен жоқ, қайта сол ортаға тез бейімделіп, етене сіңісіп кетті. Зеректігінің арқасында бірден сондағы қатарының алды болуға ұмтылды. Сол алғырлығы арқасында қазақ мектебін бітіре жүріп, Кеңес Одағы астанасының төріндегі өте беделді жоғары оқу орындарының бірі – Мәскеу инженерлік экономикалық институтына оқуға түсіп, оны үздік дипломмен бітіріп шықты. Сонынан осы оқу орны басқару институтына айнала бастаған шағында оның аспирантурасын тәмамдап, ғылымның қия жолына біржола бет бұрды. Айналып келгенде, осының бәрі жаратқанның жарғысына жазылған жазудай бұлжытпай орындалатын өзінше бір заңдылық еді.

Жалпы, өмірде жөн-жосықсыз, ереже-заңдылықсыз ештеңе болмайды. Қазақтың пенешесіне жазылған деген ұғымға сыйдырып айтатын осы заңдылығы біздің кейіпкерімізді де аттап өткен жоқ. Сондықтан еліміз егемендік алып, республикадағы әрбір облыс пен олардың орталықтары өзінше есу мен өркендеудің өткелегіне ендеп еніп жатқан кезде әуелден еңгімімізге әуезе болып отырған Бақберген Досманбетов те Сыр бойындағы бас қалада жүзеге асырылған жаңартулар мен жаңғырулар жаңғырғының басында тұрған болатын. Егемендікті әдепкі елең-алаң шақтарындағы қиындықтары мен күрмеуі қатты түйіндерін шешуге бел шеше кіріскен санаулы шенеуніктердің сапында ол да атылап, аттан салып жүрді. Сол кезеңдегі суықтан сыны, ыстықтан ыпыны қашқан елдің еңсесін көтеруге еңбек сіңірушілер көшінің басынан қалды. Бақберген елімен бірге күлден көктеп көтерілген Феникстей жаңаша түлеп ұшты.

Қазір қарап тұрсақ, содан бері де отыз жылға жуық уақыт аттай арқырап өте шығыпты. Бүгінгі күннің өлшемімен алып қарағанда, бұл – есепсіз көп мерзім. Осы пәйт пәрменінде талай нәрсе өзгеріске түсіп, талай дүние алмасып үлгерді. Сөйткенмен, басында іргесі дұрыс қаланған, атымы түзу түзілген тірліктің таңбасы мен табаны қаншама жылдардың парақтарымен жабылып қалды дегенмен, бәрібір ақшағылға көмілген алтынды болып, әр жерден бір жарқ етіп көрініп қала береді екен. Мен мүны Қызылордаға әр барған сайын сезініп қайтамын. Қаланың әр қырынан, әр түкпірінен ол басқарған кезден қалған айшықты қолтаңбаларды анық байқаймын. Байқаймын да, сол замандарда қала басшылығының тізгіні тап Досманбетовке берілгеніне қатты разы боламын. Қандай жұмысты атқарса да, он ойланып, тоғыз толғанбай бастай салмайтыны өз алдына, әрбір іргелі іске шығармашылық тұрғыдан қарамай тұра алмайтын пайымды азаматтың қиын кыстау күндердің өзінде келешек үшін келімді тірлік істегеніне көзім жетіп, ерекше тәнті тұрамын.

Біз білетінде, сонау тоқсаныншы жылдардың басында Қызылорданың көшелерінің бәрі дерлік көліктер сапырылысын көтере алмайтындай өте тар болатын. Бір кездері нобайы ат арба жүруге лайықталып жасалған үлкен төрт көшеден құралған ежелгі Ақмешіттің содан кейінгі жылдары қатарға қосылған сондай орамдары аз емес еді. Осы күнгі Ахмет Байтұрсынов атындағы көшенің бас жағына, мәселен, мотоциклден үлкен көлік

ендеп кіре алмайтын. Ал Әйтеке би көшесі болып Орталық базарға қарай алып баратын жылуан жолдың бір кездері бұдан кемінде үш есе еңсіз болғанын бүгінде көзге елестетудің өзі мүмкін емес сияқты. Қазір Абай жаңалы болып тұрған көшенің де бұдан әлдеқайда ширақ болғанын қала тұрғындары жақсы біледі. Мұның арғы жағынан жалғасып кететін Тасбөгет кентіне апаратын трассаның табанына тастан басқа ештеңе жалатылмағанын былай қойғанда, оның екі жағына көк жиденің ну тоғайы самсап өсіп тұратын. Дәл бүгін қаланың орталық көшелерінің біріне айналып, оның құретамыры секілденіп көрінетін Желтоқсан бұрынғы Восстание кезінде қандай еді.

Осылардың барлығы да облыстың әкімі Бердібек Сапарбаев, қаланың басшысы Бақберген Досманбетов болып тұрған шақтарда қолға алынып, жөнге келтірілді. Іргесі қаланып, негізі салынып кеткен сол жаңадан кейін облыс әкімі Серікбай Нұрғисаев, қаланың мэрі Қожахмет Баймаханов болып тұрған уақыттары шегіне жеткізіле атқарылды. Еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардағы жаңарған, жасарған Қызылорданың бүгінгі бетбейнесі осылай қайтадан қашалып шықты. Демек, қазіргі күндері көне шаһардың заман талабына сай жыл санап жаңғырып жатуының ілкі басында аталған тұлғалардың тұрғандығы ешқандай күмән-құдік туғызбаса керек. Мен осы күндері бүкіл саналы ғұмырын еліміздің білім жүйесіне, ғылым саласына бағыттаған, әлі де арнап келе жатқан Бақберген Досманбетовтің өзін өзгеше бір қырынан жарқыратып көрсеткен, басқаша бейіменен танытқан толайым тұстарының бірі Қызылорда қаласының әкімі болған жылдары-ау деп ойлаймын. Бұдан кейін Бақберген Сәрсенұлының Парламент Сенатының қатарынан үш мәрте депутаты болып сайлануына да осы жылдарда елі мен халқына сіңірген елеулі еңбектері тікелей әсер етті. Бірақ басында бәрі басқаша еді. Бір кездері Н.В.Гогольдің есімімен аталған, қазір Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университет болып отырған Қызылорда педагогикалық институтына 1971 жылы оқытушы болып қызметке кірген Бақберген Досманбетовтің бар көздегені ғалым ретінде ғылыммен айналысу, ұстаз ретінде шәкірт тәрбиелеу болғаны айна-қатесіз ақиқат. Сол себепті де ол арада екі жыл өткенде, мана айтылған Мәскеу басқару институтының аспирантурасына аттанды. Оны 1976 жылы аяқтағасын, ғылым кандидаты дәрежесімен институтқа қайта оралды. Бұдан кейінгі жиырма жылға жуық уақыт мұғдарында алдымен аға оқытушы, сосын кафедра меңгерушісі, проректор болып сатылай өсіп келген ол соңынан институт басшылығы тізгініне де қол жеткізді. Алайда, «Дүние – үлкен көл, замана – соққан жел» деген рас екен, 1996 жылдың желтоқсан айында мезгілдің ұйтқи соққан самалы Бакберген Сәрсенұлын өзі үшін мүлде басқа болып саналатын ортаға – қала әкімдігіне басшы етіп жетелеп әкелді. Міне, осы кезде оған іргесін 1885 жылы Мәскеу биржа қоғамына қарасты Александр коммерциялық училищесі деген кәсіптік мектептен алып, 1919 жылы өнеркәсіп-экономикалық техникумы болып қайта құрылатын, сосын оның институтына айналатын, 1930 жылы инженерлік-экономикалық институт болып аталатын өте байырғы білім мекенінің қала құрылысы мен шаруашылығы факультетін, ал 1975 жылы С.Орджоникидзе атындағы басқару институты болып өзгерген оқу орнының аспирантурасын инженер-экономист мамандығы бойынша бекерден-бекер бітірмегенін көрсететін күреске толы күндер туып еді. Облыстың сол кездегі әкімі Бердібек Сапарбаевты, шамасы, Досманбетовтің қала шаруашылығы үшін таптырмас сирек мамандықтың иесі болғаны өз алдына, сонымен бірге оның қашанда жаңалыққа жаны құштар, іздену мен үйренуден тынбайтын, зерттеу мен зерделеуден танбайтын қасиеттері қызықтырса керек. Мұнда тағы сол кез «құланның қасуына–мылтықтың басуы» дегендей, Қызылорда арнайы экономикалық аймағының құрылуы шешуші роль атқарып кетті деп ойлаймын. Олай дейтінім, тек Сыр өңірі ғана емес, бүкіл еліміз үшін жұмбағы мол жүйе болып келіп жатқан әкімшілік құрылымды басқаруға қоғамның өткенінен де, бүгінінен де мол хабары бар, ұйымдастыру қабілеті жоғары, көпшілікпен етене жұмыс жасаса алатын, ең бастысы, нарықтық қатынастардың жай-жапсарын жақсы білетін, демек, экономика мен қала шаруашылығын бірдей меңгерген маман қажет болды. Сол қажеттілік тандауды профессор болып, ғылыммен шұғылданып отырған Бақберген Досманбетовке түсірді.

Қазір біз бүгінгі күн биігінен қарай отырып,

бұл тандемнің қала үшін көп позитивті жақтары болғанын батыл айта аламыз. Бұған жоғарыда айтылған Қызылорда арнайы экономикалық аймағының құрылуы да, оның басында Бақберген Досманбетов сынды ғылым мен өндірісті, білім мен қала шаруашылығын ұштастыра білген білікті маманның отыруы да айтарлықтай оң серпін берді деп есептейміз. Ал облыс орталығында мұндай құрылымның бой көтеріп, ірге қалауында сол кездегі облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың еңбегі ерекше болды. Мұнда облысқа осындай басқару жүйесінің керек екенін дәлелдеу үшін ең алдымен аймақтың экологиялық жағынан дағдарысқа

ұшырағаны алға тартылды.

Осылайша 1996 жылдың 8 қазанында Президенттің «Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру туралы» №3123 Жарлығы шықты. Оған басшылық жасау үшін бәріне тәуекел етіп, Бақберген Досманбетов жұмыс басына келді. Аймақтың барша жұмысы Жарлықта атап көрсеткен әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі міндеттерін жүзеге асыруға бағытталды. Олардың алдыңғы легінде облысқа инвестиция тарту арқылы экономиканы көтеру, кәсіпкерлік саланы жандандыру, аймақта өндірілетін өнімдердің жаңа түрлерін көбейту, сыртқы экономикалық байланыстар өрісін кеңейту сияқты қадау-қадау шаруалар болды. Мұның арғы жағында табиғи ресурстарды көшенді әрі тиімді игеру, аймақтың экспорттық мүмкіндіктерін арттыру межелері тұрды. Осы бағдарламалық жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында сол жылдары Ресей, АҚШ, Германия, Үндістан, Канада, Оңтүстік Корея, Түркия, Болгария, Чехия, Израиль, Дания, Иран және Қырғызстан тәрізді көптеген елдердің кәсіпкерлерімен және компанияларымен инвестициялық жобалар бойынша қарым-қатынастар жасалды. Облыс аумағында мұнай өндіру жаңаша қарқын алды. Соның сыңайында қаншама жаңа өндіріс орындары құрылды.

Біздің жоғарыда айтып өткен қала шаруашылығына байланысты алғашқы атап өтерлік іргелі жұмыстар осы арнайы экономикалық аймақ дүрілдеп тұрған жылдары жүргізіліп қалды. Және ол тек шаруашылық-құрылыс тіршіліктерімен ғана шектеліп қала салған жоқ. Осы жылдарда аймақтың әлеуметтік мәселелерін шешу бағытында пәрменді жұмыстар қолға алынды. Жергілікті мұнай компанияларымен меморандум жасасып, олардың қаржыларын облыстың әлеуметтік саладағы проблемаларын шешіп алу бағытында да көптеген істер атқарылды. Біз мақаламызда бәрін тізіп шығуды мақсат тұтпағандықтан, бұл жөніндегі тұжырыммызды осымен тиянақтап, сол кезде тікелей Бақберген Сәрсенұлының инициативасы арқасында жүзеге асқан бірер жобаны ғана атап өтейік. Соның бірі қала басшысының қалалық газет пен қалалық телевидение ашуы болды. Бұлардың екеуі де сол жылдары алдымен экономикалық аймаққа, сосын жалпы қалаға қызмет етті. Ал осы жұмыстарды үйлестіріп отыру үшін жанына әкімнің орынбасары етіп белгілі журналист қана емес, сол тұстары жас ғалым, ғылым кандидаты атанып үлгерген Бауыржан Омаровты алды. Мұның өзі де Бақберген Сәрсенұлының жақсыға ұйір, жаңалыққа жаны құштар қасиетін танытатын тірлік-тің. Оның расында да университетте ректор болып жүрген кезінде оқу орнына жаңаша леп әкелетін жастарды іздеп Алматыға барып, өзі бұрын жақсы тани қоймаған, бірақ белгілі кісілерден олар жөнінде жақсы пікірлер мен баға алған, сол кезде енді ғана ғылым кандидаты атанып жатқан осы Бауыржан мен Амантай Шәріпті жанына проректорлық қызметке шақыруы да осы сөзімізді тірліте түседі. Обалы не керек, екі інісі де ағасы артқан сенімді молынан ақтады. Сол жылдары Бауыржан ұдайы жанында болса, Амантай кейін облыстық телерадиокомпанияны басқарды. Ал жоғарыда айтылған телеарнаға жетекші етіп, сонау Байқоңырда жүрген талантты ақын, журналист Шихзада Әбдікәрімовті қалалық газетке қарымды журналист Сәрсенқұл Биқожаеваны әкелді. Бүгінде «Қоғам ТВ» деген атпен қалың жұртшылыққа жақсы танылып отырған телеарна мен «Ақмешіт ақшамы» газетінің негізін әу басында осылай Бақберген Досманбетов қалап берген еді.

Бақберген Сәрсенұлы кейін Сенат депутаты болған жылдарында да өзінің белсенді қоғамдық позициясын үнемі көрсетумен болды. Осы жылдарда сенаторлық қызметінен бөлек, ғалым-зерттеуші ретінде де өте жемісті жұмыстар жасады. Білім беру жүйесінде өзіндік орны мен өрнегі бар «Болашақ» атты университетті ашып, табанынан тік тұрғызды. Осы оқу орнына сіңірген еңбегі үшін Англиядағы атақты Оксфорд университетінің «Ғылымдағы атағы үшін» аталымы бойынша «Сократ» орденінің иегері атанды. Ол – кәрі құрлықтағы беделді 27 университеттің ректорларынан құралған «Еуропадағы ректорлар клубының» шешімі бойынша берілетін мерейлі марапат. Бұдан қалды, өзінің сонау 1992 жылы докторлық диссертациясына тақырып болған демографиялық және еңбек әлеуеті статистикалық бағасы тәсілдемесі бойынша қаншама жұмыстардың оябын келтірді. Бұлардың біразы әр жылдары мерзімді басылымдар беттерінде жарық көрді. Мұның бір қадау бөлігі сенаторлығы кезінде «Ұстаным» деген атпен жеке жинақ болып басылып шықты. Онда ғалым депутаттың тәуелсіз еліміз туралы толғаныстары

топтастырылды. Ал мұның алдында біршама уақыт бұрын оның «Сүйем сені, Сыр елі» деген естелік іспеттес кітабын оқып, бір сүйсінгенбіз. Бұл жинақтың ерекшелігі де, құндылығы да сол, ондағы көлгірісген көп кәліме, өршіп жүрген өтерік сөз жоқ, автор бәрін болған болғанындай, өзі көріп қабылдағандай, түйсініп сезінгендей қалыпта барынша жатық тілмен жатырқамдай баяндап береді. Сондықтан да құдды көркем шығарма парақтарын қайырып отырғандай әрбір бетін құныға да, қызыға оқисың. Жақсы желіден арқау тарқатқан хикая іспеттес кітап түкпіріндегі шынайылығы мен тазалыққа сүйсінесің. Осы

арқылы авторын да тереңірек тани түскеніңді сезінесің. Шыны керек, өз басым Бақберген Сәрсенұлын баяғыдан тәп-тәуір білетіндей көріп жүруші едім. Сөйтсем, білмейтінім тіпті де көп екен. Тек мына кітаптан кейін ғана оны бұрынғыдан бетер жақсы тани түскенімді байқадым.

Ойлап қарап тұрсам, бүгінгі кейіпкерімді алғаш рет көріп, танысқаныма быыл тура отыз бес жыл толыпты. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары мен Алматы жоғары партия мектебін бітіріп келіп, Қызылорда облыстық партия комитетіне қызметке алындым. Бұл – бұрынғы үгіт және насихатқа білім және ғылымның қосылып, «идеология бөлімі» атанған кезі. Мен осы бөлімге тап келдім. Күндердің күнінде бөлім меңгерушісі Жәлел Бәкіровтің алдында осы Досманбетовпен танысып қалудың орайы келді. Сонда-ақ бірден байқалғаны, жұрттың бәрімен тез тіл табысып кететін, ешкімді жатырқай қоймайтын, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлай білетін, барынша ашық-жарқын, қалжың сөзден қағажуы жоқ, сонымен бірге өте жігерлі адам екені болды. Кейінірек біз облыстық газетке ауыстық. Осыдан кейінгі жылдары кейде аудандарға бірге іссапарға шығып тұратын кездеріміз де кезігіп тұрды. Ал беріректе біз республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің облыстағы тілшісі, ол кісі сенатор болып жүрген кездерде мұндай сапарлар бұрынғыдан да жиі болып қалушы еді. Соның бәрінде де оның сонау алғаш көрген кезімдегі жағдайы да жаймашуақ қалпынан ешқандай өзгермегенін, бойынан қашанда оңды қуат тарап тұратынын аңғаратынымын. Бұл, бәлкім, жәкім Абай айтатын «асыл адам айнымастың» нақты дәлелі ме екен?!

Абай демекші, оның сүйіп оқытын қаламгерлерінің алдыңғы салында осы ұлы ақынның тұрғанын да жақсы білеміз. Дала данышпанының көптеген өлендерін жатқа оқумен қатар, қара сөздерінен бал тамызға отырып, қаймақ айыра білетін оның өмірлік кредосы да сонда айтылатын тұжырымдармен үндесіп жатады. Әдетте адам өзі сырттай да болса сүйсініп жүретін кісісі жөнінде көбірек білгісі келеді. Біз үшін сондай тұлғаның бірі осы Бақберген Сәрсенұлы еді. Сондықтан оның баяғыда Қызылорда педагогикалық институтына оқытушы болып алғаш қызметке тұрған кезінен бастап, қазірге дейінгі біраз тыныс-тіршілігінен хабарымыз бар сияқты. Оқу орнына келген күнінен оның комсомол комитетін басқарғаны, спорттың талай түрімен айналысқанын да, талай концертке көрік бергенін де естігенбіз. Арасында өлең жазып жіберетінін де білеміз. Талай сапарға бірге шығып жүргенде, аңшылықты кәсіби жоғары деңгейге дейін жеткізіп қойғанына да көз жеткіздік. Былайынша айтқанда, онда азаматтардың сойына жарасатын жақсы үрдіс-дәстүрдің бәрі де бар. Сондықтан да мақаламыздың бастақырыбын осылай деп қойдық. Өйткені, еңістен салсаң, төске озатын, етектен салсаң, кешке озатын оның тіршілікте қолынан келмейтін нәрсесі аз. Егер қышылдаған жас кезінде тап қазіргідей жігіт-желең жоғарыдағыдай атақ үшін жарысқа түсетін болса, оның да бәйгесінің басын бөрмейтініне бәс тігуге болады. Сол Досманбетов әлі де тұғырынан түсіп тұрған жоқ. Уақыттың қандай да бір жаңалығының көші алдында жүреді. Әлі есімде, ертеректе жұрттың көбі не екенін біле қоймайтын кездері цифрлы фотоаппарат дегенді де өз басым бірінші рет осы кісінің қолынан көріп едім. Ал қазір компьютердің құлағында ойнап отырғанына куә болып жүрміз.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Қызылордада өзі салып жатқан үйін апарып көрсетті. Оның жобасы, архитектуралық шешімдері түгел өзінікі болып шықты. Салынып жатқан жайдың барлық жайхалпары қатты ұнады. Сонда дайын тұрған архитектордың өз орнын таппай қалғанын байқағанды болдым. Бірақ тап солай дейін десем, бұл кісі жалғыз бұл сала емес, өзінің білікті экономист-ғалым екендігін айтпағанның өзінде, өмірге қажетті басқа да көптеген тетіктердің тұтқасы бола алатын бесаспап тұлға екен. Таланттың сан қырлы болатыны осылай танылатын шығар.

Шыны керек, мен бұған дейін Бақберген Сәрсенұлы туралы екі рет жазбақшы болып едім. Оның біріншісі – жаңа ғана сөз етілген тұрғын үйін көргеннен кейін болса, екіншісі жоғарыда аталып өткен кітабын оқып шыққан кезде ойға оралып еді. Бірақ екеуі де кезінде әртүрлі себептермен орындалмай қалды. Өйткенмен, «Ештен кеш жақсы» деген, сол екі рет лап етіп көтерілген ойларды қағазға түсіріп шығудың ыңғайы енді келді.

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйтікпін жатады...».

Серік ПИРНАЗАР, журналистика және мәдениет қайраткері

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыру мәселелеріне арналған жиын өтті. Оған құқық қорғау органдарының, басқармалар мен аумақтық департаменттердің басшылары, мәслихат депутаттары, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, зиялы қауым өкілдері, жастар, онлайн байланыс арқылы Қызылорда қаласы мен барлық аудан әкімдері қатысты.

Жолдауды ЖҮЗЕГЕ АСЫРАМЫЗ...

Аймақ басшысы Жолдауда көрсетілген жеті бағыт бойынша тапсырмалар жүктеді.

– «Мемлекет басшымыз экономиканың салаларын жаңғырту үшін цифрландыру мен жасанды интеллект технологиясын жеделдетіп енгізу мәселелеріне ерекше тоқталды. Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін қолданып, елімізді одан әрі өркендетудің, әлеуметтік-экономикалық, инновациялық дамытудың жаңа бағдары айқындалды. Жаппай цифрландыру арқылы отандық экономиканы әртараптандыру, кешенді түрде жаңғырту көзделген. Алдағы үш жылда Қазақстанды цифрлық елге айналдыру мақсатында нақты стратегиялық межелерді белгіледі.

Өңірге инвестиция тарту жұмыстары тек кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен ғана шектеліп қалмауы қажет. Қала, аудан әкімдіктері мен әрбір басқарма өз салалары бойынша қарқынды жұмыс жасауы тиіс. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы 2026 жылға негізгі капиталға салынатын инвестиция көлемін бекіту үшін ұсыныс беріңіздер.

Инвесторларға қолайлы жағдай жасауда арнайы экономикалық аймақтың маңызы зор. Жаңадан қолға алынған жобаларды күнделікті бақылауда ұстап, сүйемелдеу қажет.

2025-2027 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту жол картасына енгізілген жобалардың уақытылы жүзеге асырылуын қамтамасыз етіңіздер.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруда облысқа бекітілген жемені 100 пайыз орындау қажет. Су ресурстарының бірыңғай платформасын жасау жұмыстарын пысықтаңыздар. Су үнемдеу

технологияларын қолдануды ұлғайтуға бөлінген қаржыны мақсатты, мерзімінде игеруді тапсырамын.

Облыс аумағынан өтетін жол құрылысы жұмыстарының уақытылы басталуын бақылауға алыңыздар. Салынып жатқан, алдағы уақытта салынатын нысандардың құрылысын «Е-Құрылыс» ақпараттық платформасы арқылы жүргізу керек.

Түрлі қаржы институттары арқылы жобаларды сүйемелдеу, ірі кәсіпорындар айналасында шағын және

орта кәсіпорындарды дамытуды жалғастыру – өте маңызды жұмыс.

Жолдауда айтылған мәселелердің бірі – мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту. Бұл орайда нақты ұсыныстар енгізіңіздер.

Мемлекет басшымыз Жолдауда әлеуметтік көмекті тек шын мұқтаждарға бағыттауды тапсырды. Бұл жұмыстарды заң аясында жалғастыруды тапсырамын», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында патриотизм ұғымының жаңа сипаты, жастар үшін жасампаздық пен жаңашылдықты отаншылдықтың басты көрсеткішіне айналдыру туралы Сенаторлар кеңесінің мүшесі, Қызылорда облысының құрметті азаматы Мурат Бақтиярұлы, өңірге инвестиция тарту жайында облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, су мәселесін шешуде атқарылған жұмыстар туралы Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының директоры Сұлтанбек Тәуіпбаев сөз сөйледі.

Сондай-ақ, «Абзал и К» ЖШС коммерциялық директоры Сағидулла Сыздықов агроөнеркәсіп саласын, агрохабарды дамыту, саланы цифрландыру, өнімдерді терең өңдеу туралы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті ректорының міндетін атқарушы Майнұр Бөрібаева цифрландыру, жасанды интеллект бағытындағы жұмыстар мен міндеттер туралы баяндама жасады. Ұлттық дәстүрлерді дәріптеу, жастарды рухани қолдап, бағыт-бағдар беру жайында «Қоғам ТВ» телеарнасының құрылтайшысы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Шакизада Әбдікәрімов өз ойын ортаға салды.

БАСТЫ ТАЛАП – САПА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен коммуналдық мәселелер мен жол құрылысының барысы талқыланған жиналыс өтті. Оған жауапты басқарма басшылары, қала мен аудан әкімдері, мердігер мекемелердің өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы 2025 жылы еліміздің барлық елді мекенін 100 пайыз ауыз сумен қамтамасыз ету туралы тапсырма бергені белгілі. Осы тапсырманы орындау мақсатында өңірде 2022 жылдан бері 55 жоба жүзеге асырылды. Өткен жылдың қорытындысымен облыс халқының 98,6 пайызы орталықтандырылған ауыз суға қосылды. Биыл 9 елді мекенге ауыз су жеткізіліп, 100 пайыз-дық меже орындалады. Ал газдандыру деңгейі 83 пайызға жетеді.

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында «Akso Energy» түрік компаниясымен бірлесіп, қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы салынуда.

Жоба аясында 180 МВт-тық 2 газ турбиналық қондырғы (General Electric, АҚШ), 95 МВт-тық бу турби-насы (Doosan Skoda, Чехия), қуатты-лығы сағатына 120 тоннаны құрайтын 2 бу қазандығы (AC BOILERS, Италия) мен сағатына 150 Гкал жылу өндіретін 4 жылу қазандығын (Mitsub, Түркия) салу жоспарланған.

Бүгінгі күні құрылыс жұмыстары-ның 80 пайызға жуығы аяқталды. Бұдан бөлек бюджет есебінен 15 млрд. теңгеге жаңа жылу-электр орталығына дейін газ құбыры жүргі-

зілді. Жоба аясында автоматтан-дырылған газ тарату станциясы мен 45 шақырым газ құбыры салынды. Биыл бірінші кезекте орталықтың 1 газотурбиналық қондырғысы мен 2 жылу қазандығы, 2026 жылы қалған қондырғылар қосылады.

Қатар инвесторымен бірлесіп жү-зеге асырылатын, құны 1 млн. 800 мың АҚШ долларын құрайтын 1 100 мегаваттық бу-газ қондырғысы жобасы бойынша да жұмыстар басталды. Бұл жобалар өңірдегі электр энергиясының жүктемесін тұрақтандыруға әрі еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға елеулі үлес қосады, яғни ірі жобаларға қажетті энергетикалық қуаттылықтар пайда болады.

Соңғы жылдары 1 232 шақырым автомобиль жолы мен көшені, 19 көпірді салуға, күрделі жөндеуден өткізуге қомақты қаржы бөлінді. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді.

Арал, Жаңақорған аудандарын-дағы темір жол үстінен өтетін аспалы көпір пайдалануға берілді.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Облыс аумағындағы 216 шақырымның 163 шақырымы аяқталып, ел игілігіне берілді. Қосымша 12 шақырымына екі қабатты асфальт төсепді. Жоба биыл толық аяқталады.

Аймақ басшысы жауапты тұлғаларға коммуналдық қызмет көрсетуде, жол құрылысында басты талап сапа екенін ескертті.

Жолдаудағы ТАПСЫРМАЛАР ӨҢІРЛІК ЖОСПАРҒА ЕНЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру, жол жүру және жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қаралған Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режимде қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімдігінің жиналысында аймақ басшысы жауапты сала басшыларына бірқатар міндет жүктеді.

– «Президентіміздің Жолдауынан туындайтын тапсырмаларды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы мақұлданды.

Аталған құжат негізінде Өңірлік жоспарды әзірлеп, бекітуіміз қажет. Бұл жұмыстарға барлық басқарма, қала, аудан әкімдіктері, аумақтық департаменттер мен инспекциялар, өңірлік жоғары оқу орындары жұмылдырылуы керек. Облыстық экономика және қаржы басқармасы Президентіміздің Жолдауындағы тапсырмаларды өңірлік жоспарға енгізіңіздер.

Облыстағы, яғни Түркістан облысының шекарасынан Ақтөбеге дейінгі аралықтағы демалыс орындары мен жол бойындағы сервистік нысандарды, автомобиль жолдары мен теміржол бойындағы нысандарды, туристік аймақтарды, олардың қасбеттерін, аумағының санитарлық тазалығын талапқа сәйкестендіріп, қатаң бақылаңыздар. Жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлердің сапасына қатысты ешқандай мәселе болмауы тиіс», – деді Н.Нәлібаев.

Сонымен қатар жол қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, бейнебақылау камералары мен стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғыларын орнату, опто-талшықты желілер тартуды толық аяқтап, қараша айында іске қосу міндеттелді.

Биыл өңіріміздегі жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолдары, кешелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстардан соң жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА РЕТТЕЙДІ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Қызылорда облысына жұмыс сапары-



мен келіп, Мемлекет басшысының жолдауында айтылған бірыңғай цифрлық платформаны енгізуге қатысты тапсырмасын орындау мақсатында мәжіліс өткізді.

Мәжіліске салалық басқарма басшылары мен Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, әлеуметтік сала-ға жауапты басшылардың орынба-сарлары мен тиісті мамандар қатысты.

Министр Бірыңғай цифрлық платформаны енгізу бойынша өңірде атқарылған жұмыстарды тыңдап, әлеуметтік қолдау шараларының бизнес-процестерін цифрландыру бағытындағы мемлекеттік қолдау шараларының жаңа моделін талқылады.

Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов сөз алып, аймақта әлеуметтік

сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

- Мемлекет басшысы Жолдауынан туындайтын міндеттердің бірі - әлеуметтік көмекті тек шын мұқтаждарға бағыттау және әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға бөлінетін әлеуметтік қолдауларды бірыңғай цифрлық платформа арқылы біріздендіру болып табылады. Біздің мақсатымыз - әрбір азаматтың әлеуметтік әл-ауқатын арттырып, қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайту. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша облыс бюджетінің көлемі 829,2 млрд теңгені құрайды.

Әлеуметтік салаға жұм-салған қаржы жалпы бюджет шығыстарының 58 пайызын құрайды. Әлеуметтік салаға жұмсалған шығыстар құрылымында білім саласы ең үлкен үлеске ие.

Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға 53,6 млрд. теңге, мәдениет және спорт саласына 52,9 млрд. теңге, денсаулық сақтау саласына 35,8 млрд. теңге бөлінген. Осылайша, өңірде жүргізіліп жатқан бюджет саясатының әлеуметтік бағытын растайтын әлеуметтік міндеттемелердің басымдығы сақталды, - деді Данияр Еренғалиұлы.

Енді отбасының әл-ауқат деңгейі 23 әлеуметтік-демографиялық және экономикалық критерийлер бойынша анықталатын болады. Қосымша қолдау шараларына өтініш білдірген барлық отбасылар 6 санатқа жіктеледі. Шешім отбасының цифрлық қартаю арқылы жиналған объективті деректер негізінде автоматты түрде қабылданады.

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев орталық стадионның құры-лыс жұмыстарының барысын тексеріп, жауапты басшыларға тапсырмалар жүктеді.

Қызылордадағы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадион жақын күндері ашылады. Спорт нысаны УЕФА талаптарына сай, материалдық-техникалық базасы соңғы үлгідегі заманауи құралдармен жабдықталған.

Жаңа ғимараттың жалпы аумағы 20 мың шаршы метр. Жасыл алаңнан бөлек бокс, күрестің үш түрінің, атап айтқанда, дзюдо, грек-рим, еркін күрес, фитнес, спорттық гимнастика, таеквондо және ауыр атлетика залдары қамтылған. Спорт залдары келушілерге жыл он екі ай сапалы қызмет етеді.

Жалпы ғимарат үш қабатты. Бірінші қабатында спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары, екінші қабатында әкімшілік бөлмелер, үшінші қабатында спортшылар үшін және ауқымды

жиындар өткізуге арналған бөлмелер қарастырылған.

Барлық талапқа сай келетіндіктен, халықаралық дәрежедегі ауқымды ойын-дарды өткізуге толық мүмкіндік бар.

Облыс орталығында құны 20 млрд. 500 млн. теңгені құрайтын «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Бұл нысанда олимпиадалық стандарттарға сай 50 метрлік бассейн, Әлем және Азия чемпионаттарын өткізуге арналған 2500 орындық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары қамтылады. Құрылысы 2026 жылдың екінші жартыжылдығында аяқталады.

Өңірде спортты дамытуда ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соңғы үш жылда 20 спорт кешені ашылды. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 6 спорт кешені салынып, пайдалануға беріледі. «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 2 млрд. 900 млн. теңгеге мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-

сауықтыру кешені салынуда. Биыл қордың қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері салынып, салауатты өмір салтын ұстанатын тұрғындар игілігіне айналды.

Одан кейін облыс әкімі сол жағалаудағы әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған 320 және 280 пәтерлік тұрғын үйлердің құрылыс алаңына барды. Мердігер мекемелер "Ер Ару" және "Мелиоратор" серіктестіктері.

Өңір басшысы жақын күндері пайдалануға берілетін үй иелерімен кездесіп, құрылыс талаптарының сақталуы бақылауда екенін айтты.

Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын 3 800-ге жуық пәтерді сатып алуға қаржы бөлінді. Заманауи жаңа дизайнмен салынған 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер қаламыздың сәнін келтірді.

ТӘУІПБАЕВАҒА ҚАНДАЙ ТАПСЫРМАЛАР ТАПСЫРЫЛДЫ?

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлі-баевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге байланысты жиналыс өтті. Онда аймақ басшысы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқарма-сының жанадан тағайындалған басшысы Тәуіп-баева Мәлдір Сұлтанбекқызын таныстырды.

Мәлдір Сұлтанбекқызы 1978 жылы Тараз қаласында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік басқару академиясында «Халықаралық экономи-калық қатынастар», Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде «Құқықтану», Алматы менеджмент университетінде «Іскерлік әкімшілік» мамандықтары бойынша білім алған.

«Болашақ» бағдарламасының түлегі. Америка Құрама Штаттары Оңтүстік Калифорния универ-ситетінің «Халықаралық мемлекеттік саясат және басқару» магистрі. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 1999 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік универ-

ситетінің зерттеушісі болып бастаған. Әр жыл-дары Қызылорда инженерлік-экономикалық институтында ассистент, оқытушы, «Дабл Холдинг.Инк» корпорациясының сатып алу және есепке алу координаторы, Қазақ гуманитарлық заң колледжінің оқытушысы, қалалық мәдени-демалыс паркінің директоры, қалалық білім бөлімі басшысының орынбасары, Қызылорда қаласы әкімі аппаратында түрлі басшылық лауазымдарда болған. 2023 жылдан осы кезге дейін облыстық мемлекеттік сатып алу басқар-масында бөлім басшысы қызметін атқарып келді.

Облыс әкімі жаңа басшыға маңызды міндет-тер жүктеді. Атап айтқанда, өңірге инвестиция тартудың тиісті шараларын қабылдау, индус-триялық аймақтардың тиімділігін арттыруда шағын өнеркәсіптік парктер құру, кәсіпкерлік субъектілерінің санын, жұмыс күшін, өндірілген өнім көлемін ұлғайту бағытындағы жұмыстарды жоғары деңгейде атқаруды тапсырды.



ҚАЛА ҚҰРЫЛЫМЫНДА БАСШЫЛАР АУЫСТЫ

Қызылорда шаһары басшысы Нұржан Ахатовтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы



өтті. Жиында жаңадан тағайындалған бөлімдердің басшылары таныстырылды. Қала әкімінің өкімімен қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы қызметіне ауысу тәртібімен Дархан Пірәліұлы Бақтияров тағайындалды.

Дархан Пірәліұлы 1991 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жоғары білімді. 2013 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін технологиялық машиналар және жабдықтар мамандығы, 2018 жылы «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтын құқықтану мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2015 жылы «Қызылорда азтотналық мұнай өндіру зауыты» ЖШС-де машинисті ретінде бастаған. 2016-2021 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының әдіскері, бас маманы, қала әкімінің көмекшісі қызметтерін атқарды. 2021 жылдың 1 қарашасынан бастап 4 жылға жуық Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.



Еңбек жолын 2001 жылы Қызылорда облыстық теле-радиокомпаниясында редактор ретінде бастаған. 2002-2018 жылдары облыстық және қалалық әкімдікте түрлі басшылық қызметтерде болған. Қала әкімінің орынбасары, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы, оның ішінде, 2013-2014 жылдары мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарды. 2018 жылдан бастап «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директорының орынбасары қызметтерінде болды. 2024 жылдың мамыр айынан бастап осы кезге дейін қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

Сонымен қатар қала әкімінің өкімімен қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметін атқарып келген Айдын Бөкенбайұлы Қайруллаев қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Айдын Бөкенбайұлы 1981 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жоғары білімді. 2002 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін журналистика мамандығы, 2008 жылы құқықтану мамандығы бойынша тәмамдаған.



Сондай-ақ, қала әкімінің өкімімен Жағыпар Айтбайұлы Тажмаханов қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды

Еңбек жолын 2007 жылы №235 орта мектебінің бағдарлы оқыту жөніндегі директор орынбасары болып бастаған. 2008-2022 жылдары облыстық және қалалық әкімдікте түрлі басшылық қызметтерде болған. Оның ішінде Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары, облыс әкімі аппаратының Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарған. 2022 жылдан бастап осы кезге дейін қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы лауазымын атқарып келді.

Жағыпар Айтбайұлы 1984 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. 2006 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде тарих мамандығы, 2011 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша білім алған.

КӘРІЗ ЖҮЙЕЛЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Кәріз жүйесінің шаруашылық-тұрмыстық және сарқынды су, сұйық өнімдерді шығаруға арналған су бұру жүйесінің бір бөлігі ретінде қызметі өте маңызды. Сондықтан оны жетілдіру мен жаңғырту жұмыстары жыл бойы жүргізіліп келеді. Бүгінгі таңда Қызылорда қаласы аумағында 457 шақырым кәріз желісі, 67 насос станциясы және 2 кәріз суларын тазарту кешені жұмыс істейді. Осы орталық кәріз жүйесіне тұрғын үйлердің 60 пайызы қосылған. Өлі де қосылатын халық үлесін 82 пайызға жеткізуге болады. Сол мақсатпен кәріз жүйелерін жаңарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Айта кету керек, аймақ басшысының тікелей қолдауымен 2023 жылы 11 насос станциясы жаңартылып, 8,3 шақырым тозған кәріз құбырлары ауыстырылса, алдағы уақытта 158 шақырым жаңа желі салынып, 10 КНС қайта жаңғыртылады деп күтілуде.

Сонымен қатар, Қызылжармадағы кәріз суларын тазарту станциясын жаңғырту, Тасбөгеттегі жағымсыз иіс мәселесін шешу және магистралдық коллекторларды қайта құру жобалары қолға алынып отыр.



АСТАНАДАҒЫ СЫР ӨҢІРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ



Қыркүйектің 13-14-і күндері Астана қаласында Қызылорда облысы тауар-өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жәрмеңкеге 50 жүк көлігіне тиелген 60-қа жуық тауарөндірушінің құны 200 млн. теңге болатын 500 тоннаға жуық өнімі апарылды.

Атап айтқанда: 200 тоннадан астам күріш, 10 тонна ет, 20 тоннадай балық, 160 тонна бақша өнімдері, 80 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 15 тоннаға жуық сүт және кондитер өнімдері, 5 тонна ас тұзы жеткізілді.

Сондай-ақ, жәрмеңке аясында Сыр елінің өнерпаздары қатысқан мәдени-танымдық концерттік бағдарлама елордалықтарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында аймақтың ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Бәсекеге қабілетті өнім өндіру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолға қойылған.

Осы жылдың 7 айында ауыл шаруашылығында 46,5 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 2,6%-ға артты.

Облыс бойынша 189,6 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді, атап айтсақ, дәнді дақылдар 92,9 мың гектар, майлы дақылдар 5,7 мың гектар, мал азықтық дақылдар 73,3 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 17,4 мың гектар. Үкімет бекіткен Жол картасына сәйкес 80,9 мың гектар жерге күріш себілді.

Шаруашылықтар егін жинауға қажетті ауыл шаруашылығы техникаларын, жанар-жағармаймен, минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілген.

Бүгінде егін жинау науқаны қарқынды жүруде. Ерте егілген дәнді дақылдар толық жиналып бітті. Қазіргі таңда мал азықтық, майлы дақылдармен қатар көкөніс, бақша және күріш жиналуда.

Аймақта мал шаруашылығын дамытуға жасалған қолдаудың нәтижесінде төрт түлік мал басы өсіп, өнім өндіру ұлғайды.

Облыс бойынша 2025 жылдың 1 тамызына 425,4 мың бас ірі қара, 830,3 мың бас қой мен ешкі, 270,7 мың бас жылқы, 66,0 мың бас түйе және 126,8 мың бас құс тіркелген. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ірі қара 0,5%-ға, жылқы 9,7%-ға, түйе 1,2%-ға, құс 1,2%-ға артты.

Өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты қарқынды дамып келеді. Биыл облыстан құны 18,8 млн. долларды құрайтын 37,7 мың тонна өнім әлемнің 19 мемлекетіне экспортталды.

Барлық экспортталған өнімнің 89,4 пайызын құрайтын күріш өнімі Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, Әзербайжан, Өзбекстан, Грузия, Моңғолия және Ирак мемлекеттеріне жіберілді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аймақта инвестициялардың жол картасы әзірленіп, жалпы құны 57,1 млрд теңгені құрайтын 30 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл жобалар өңір экономикасын одан әрі өркендетуге бағытталған.

ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУ ӨЗ ЕРКІНДЕ

Бірінші қыркүйектен бастап медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту науқаны басталды. Екі ай көлемінде жүргізілетін науқан 1 қарашада аяқталады. Айта кету керек, емхананы таңдағанда қолжетімділікті ескеру керек. Яғни емханаңыз үйден 15-20 минут уақытта жаяу жететін жерде орналасқаны жөн. Ал, тіркелу екі әдіс арқылы жүргізіледі.

Біріншісі, **www.egov.kz** сайты арқылы барлық азаматтарға арналса, екінші әдіс халықтың жекелеген санаттарына ғана арналады. Бұл туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Абубакирова айтты.

- Алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымы жеке тұлғаларға өз бетінше жүгінген кезде немесе «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетеді. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін жазбаша нысанда тікелей өтінішті зейнеткерлер, мүгедектер, бала кезінен мүгедек баланың заңды өкілдері, сондай-ақ қорғаншылары немесе қамқоршылары, патронат тәрбиешілері және оларды алмастыратын, заңнамаға сәйкес баланы күтуді, оқытуды, тәрбиелеуді, құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын басқа да адамдар бере алады. Науқан арқылы тіркелген тұрғындарға жаңа емхана медициналық көмекті келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап көрсетеді. Тұрғындарға емхананы науқаннан тыс та ауыстыруға болады: жылына бір рет еркін таңдау құқығымен, сондай-ақ тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын өзгерткенде немесе бұрынғы емхана жабылған жағдайда, - деді Жаңыл Исақызы.



«ҚЫЗЫЛОРДА-НАННЫҢ» 3 ЦЕХЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда-Нан» ЖШС-ның нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешеніне барды.

Кешен жобасы 2 кезеңнен тұрады, өндіріс толық автоматтандырылған. Қазіргі уақытта 3 өндірістік цех іске қосылды. Алда 4 түрлі өнім шығаратын печеные цехы жұмысын бастайды.

Өнімнің 30%-ы кәсіпорынның жеке сауда желісі арқылы, ал 70%-ы Қызылорда қаласы мен оған іргелес елді мекендерге жеткізіледі.



Мемлекеттік қолдау аясында жобаға 5 гектар жер телімі бөлініп, қажетті инфрақұрылым, яғни су және кәріз желілері тартылды. «Қазақстан Халық банкінен» жеңілдікпен 1,2 млрд. теңге несие алған. Оның пайыздық мөлшерлемесі мемлекет тарапынан субсидиялануда.

Екінші кезеңде ұн комбинатын салу жоспарланған. Қазір цехта 120 адам жұмыс істейді, алдағы уақытта оның саны 150-ге жетеді.

“УЧАСКЕ” ЕКІ АЙ БОЙЫ ӨТЕДІ



Құздің алғашқы күнінен бастап бастап облыс аумағында «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде. Шараның алғашқы 10 күнінің қорытындысымен облыс көлемінде 25 691 тұрғын үй араланған. Саяжай үйлері мен шаруа қожалықтары да тексерістен тысқары қалмады. Шара жұмысын жүйелеуге 705 адам жұмылдырылған. Профилактикалық іс-шара 1 қарашаға дейін жалғасады. Бұл туралы облыстық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Рауан Әлдешов мәлімдеді.

- Жалпы облыс көлемінде 166 151 тұрғын үйдің 25 691 үйі араланды. Сонымен қатар 245 саяжай үйлерімен 321 шаруа қожалықтары тексерілді. Есептегі элементтер оның ішінде 203 шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған, 60 әкімшілік қадағалау орнатылған, 68 ерекше талап

белгіленген, 117 қорғау нұсқамасы шығарылған, 206 әкімшілік қадағалауға формальді түрде жататын, 557 пробаия есебіндегі адамдар, 36 қолайсыз отбасы мекен-жайларынан тексеріліп, олармен қайта қылмыс жасамау бағытында профилактикалық шаралар жүргізілді. Тіркеуде жоқ 6 аңшы қару тәркіленіп, сақтау ережесін бұзған 5 қару иесіне 484 және 486 әкімшілік хаттама рәсімделді. Құқық бұзушылық жасаған 42 көмелетке толмағандар ұсталып, 15 бейімдеу орталығына жатқызылса, 27 әр түрлі құқық бұзушылықтары бойынша хаттама толтырылды. Қоғамдық оқшаулаумен байланысты емес жазаны өтеудің шарты мен тәртібін бұзған 24 дерегі анықталды. Бұл жұмыстар алдағы 2 ай көлемінде жалғасын табатын болады, - деді Рауан Қырымұлы.

